

"Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы"

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 10 тамыздағы № 336 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 03 қыркүйекте № 4501 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 2016 жылғы 23 ақпандағы № 398 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық мәслихатының 23.02.2016 № 398 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 387 бабының 1-1 тармағына, 444-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Қарғалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес ,пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері он есеге жоғарылатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы:
И.Кунакбаев*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы:
Х.Жылқыбеков*